



## Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы

Мақал - мәтел ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал - мәтел тәрбиелік мәні зор, рухани байлық .

«Мақал – сөздің мәйегі», «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», - деген қанатты сөздермен **«Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы»** атты білгірлер сайысын бастастамас бұрын ортаға қошеметпен сайыскерлерімізді ата-аналарымен шақырамыз.

**«Шаңырақ»** командасы

**«Кереге»** командасы

Орынбасар Әли

Картаменов Алинұр

Тұрарқызы Толғанай

Жалғаспай Алихан

Жақанов Бексұлтан

Серікова Адиля

Сәкенова Айзере

Игілік Ақниет

Серік Ахмад

Серікқали Айсұлу

(Әділ шешім беретін әділ қазылармен таныстырлады.)

### Ойын барысы

1. Ұрандары (екі топтың)

2. Кіріспе бөлім-Дәстүр, мақал-мәтел, жаңылтпаштар тарихы

3. Мнемокесте-(Сурет бойынша жауабын тап)

4. Өлең жолдары –(Білім-тәрбие, Қазақстан)

5. Мақал-мәтел жарысы (екі топ жарысады, білім ,тәрбие)

6. «Тіл сындырайық» (жаңылтпаш айта білесің бе? Ата-аналармен )

7. ӘН

8. БИ

9. Қортынды «Оюлы текемет»

Сайысымыздың барысы түсінікті болса қатысушыларымызға сәттілік тілеп бастауға рұқсат етіңіздер .

Ойынды бастамас бұрын әр топ өзін, ұранымен таныстырады.

I топтың аты – «Кереге»

Кереге тобы алға, биіктерден самға

Достығымыз барда, Жүреміз тек алға.

II топтың аты – «Шаңырақ»

Болашақтың ұл - қызымыз,  
көркейтеміз елді біз.

Жүргізуші: Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?  
Білім мен өнер жарысып,  
Тәрбие, тәлім табар мән.  
Бұл бәйге ойдың бәйгесі  
Кім жүйрік ойға, сол алда,- дей келе сайысымызды бастаймыз.

1. Мнемокесте-(Сурет бойынша жауабын тап) көрнекіліктен көрсетіледі

2. Өлең жолдары –(Білім-тәрбие, Қазақстан)

«Шаңырақ» командасынан Орынбасар Әли (Қазақстан )

«Кереге» командасынан Картаменов Алинұр, Игілік Ақниет.

**Жүргізуші:** Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Белден ассаң, алдыңда бел көрінсе,

Қызыққаннан келмей ме жүре бергің дей отырып келесі  
айналымға өтеміз

3. Мақал-мәтел жарысы (екі топ жарысады, білім , тәрбие) балалар мақал-мәтел айтып, ата-аналар экрандағы суреттен жалғасын табу

**«Біз білмейтін бір мақал» айдары. Мағынасын ашу (қосымша)**

Қараңғыда тапқаныңды ханға берме,

Жарықта тапқаныңды жанға берме.

Мағынасы: еңбекпен тапқаныңды орынсыз шашпа.

Өзін - өзі сыйлаған ер бақытты,

Өзін — өзі билеген ел бақытты.

Мағынасы: Адам әуелі өз қадірін білсе ғана ел мен жер қадірін де біле алады.

Шын ер жеңсе, тасымас,



Жеңілсе, жасымас.

Мағынасы: Қандай жағдай болса да өз — өзінді сабырлы ұстап үйрену

Бұл айналымда бірнеше тұрақты сөз тіркестері беріледі. Әр топқа тұрақты сөз тіркесі беріледі. Ойланып, мағынасын толық айтуларың керек.

4. «Тіл сындырайық» (жаңылтпаш айта білесің бе? Ата-аналармен ) Екі топ ата-аналары бір-біріне жаңылтпашты қайталап айтып беру

5.ӘН : «Шаңырақ» командасынан «Анашым» әні

6. БИ: «Кереге» командасынан .Текемет биі

7.Қортынды «Оюлы текемет»

Қорытынды: Сөз кезегі қазылар алқасында ...

Жеңген топты марапаттау.

**Ата - салтым, асыл мұрам, ардағым,**

**Бабалардың жалғастырар арманын**

**Сан ғасырда қалпын бұзбас, қадірім,**

**Өткенімді бүгініммен жалғадым – дей келе бүгінгі сайысымыз аяқталды.**

Ұлттық өнерімізді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін біздер, сондықтанда құнды мұраларымызды насихаттап жүрейік.

*Мақал-мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді. Мақал-мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық.*

*Осы тұста мен осы мақал мен мәтел айырмашылығын түсіндіріп өткім келіп отыр. Мысалы: **Мақалда** қорытынды, тұжырымды түйін айтылады. Айтылар ой нақты толық жеткізіледі. Мысалы: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақалда елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр.*

*Ал, **мәтелде** ой тікелей білдірілмей тұспалдап, жанамалап айтылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той». Мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама деген сөз тұспалдап айтылып тұр.*

***Жаңылпаш** — қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры. Жаңылпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру; жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады. Ертеде жаңылпашты ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән-жыр үйренуге талпынған. Қазіргі кезде жаңылпаш жаңа мазмұнға ие болып, түрі мен мазмұны жағынан молыға түсті. Жас ұрпақты достыққа, бірлікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеудің маңызды құралына айналды.*

*«**Жұмбақтарды** не үшін ойлап тапқан»-деп біз жиі ойланамыз. Жұмбақтардың шешуін табу үлкендер мен балалар үшін ермек пен жағымды уақыт өткізу болып табылады. Бірақ шынайы келгенде ол бұлай емес. Жұмбақ- ертегілермен, тақпақ пен*



*жаттамақтармен бірге қолданатын өзіндік көркем өнер шығарма.*

*Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатыны-жұмбақтар. Жұмбақтар және оның шешімін айту баланың ақыл-иесін дамытады, ойын шынықтыра түседі. Ойлауға, ойлаған ісін алға шығаруға жаттықтырады. Жұмбақтардың шешімін табу баланың зейінін, ықыласын арттырады. әр нәрсенің себебін іздестіріп табуға үйретеді. Жұмбақтар құпиясы баланы қызықтырып, әсерлендіре түседі, шешімін айтқызуға мәжбүр етеді. Баланың ұшқыр ойын іске, әрекетке қарай баулиды. Ой санасының қызмет етуіне серпін береді.*





